

Қазақстан Республикасының теңіздегі және ішкі су айдындарындағы мұнай операцияларымен байланысты теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 маусымдағы N 693

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 2351 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының теңіздегі және ішкі су айдындарындағы мұнай операцияларымен байланысты теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу тәртібі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Теңіздегі және ішкі су айдындарындағы мұнай операцияларымен байланысты теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының Құзыретті органы болып Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының акваториясында және теңіз жағалауындағы аймақтар мен ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жобалау және жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеп, бекітсін. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 693 қаулысымен Бекітілген Қазақстан Республикасының теңіздегі және ішкі су айдындарындағы мұнай операцияларымен байланысты теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізудің тәртібі туралы Ереже I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының теңіздегі және ішкі су айдындарындағы теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізуге байланысты қатынастарды реттейді.

2. Теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізу кезінде мынадай теңіз ғылыми зерттеулерін жүзеге асыруға болады:

жер қойнауын мемлекеттік геологиялық-геофизикалық зерттеулер;
экологиялық зерттеулер (мұнай құйылыстарын зерттеу, қоршаған ортаны ластаушылармен күрес жүргізу жөніндегі әдістер мен технологияларды әзірлеуге байланысты зерттеулер, авариялық жағдайларды зерттеу және басқалар);
сулы ортаның және мұзды жағдайдың гидродинамикасын зерделеу;

Каспий теңізі деңгейінің тербеулерін және олардың теңіздегі мұнай-газ кәсіпшілігі гидротехникалық құрылыстарына және жағадағы мұнай-газ инфрақұрылымына тигізетін әсерін зерделеу және болжамдау;

мұнай операцияларын су астында жүргізу әдістеріне байланысты зерттеулер;
түрлі құрылыс материалдарының теңіз суы ішіндегі жай-күйін зерделеуге
б а й л а н ы с т ы з е р т т е у л е р ;
ө з г е д е ғылыми зерттеулер .

3. Теңіздегі және ішкі су айдындарындағы мемлекеттік геологиялық-геофизикалық зерттеулер Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің әкімшілік актісі негізінде лицензия алмай жүргізіледі.

4. Мұнай операцияларына байланысты теңіз ғылыми зерттеулері белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалануға алынған лицензия негізінде жүргізіледі және лицензияда жұмыстардың жеке түрінде бөліп көрсетіледі.

5. Каспий және Арал теңіздері қазақстандық секторлары акваторияларындағы және ішкі су айдындарындағы теңіз ғылыми зерттеулерін қазақстандық болсын, және шетелдік болсын заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар да Қазақстан Республикасы заңдарының, сондай-ақ осы Ереженің талаптарын міндетті түрде орындай отырып жүзеге асыра алады.

6. Теңіз ғылыми зерттеулері ғылыми әдістермен және құралдармен, қоршаған табиғи ортаны қорғау талаптары сақтала отырып және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

7. Теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу кезінде қазақстандық кадрларға, сондай-ақ егер олар экологиялық және техникалық сапалары, бағалары, жұмыс параметрлері мен беру шарттары бойынша бәсекеге төтеп беретін болса Қазақстан Республикасында шығарылған жабдықтарға, приборларға және материалдарға да артықшылық берілуге т и і с .

8. Теңіз ғылыми зерттеулері теңізі пайдаланудың басқа да құқықтық түрлеріне жөнсіз кедергі жасамауға тиіс .

9. Теңіз ғылыми зерттеулері бойынша іс-әрекеттердің барлық түрлері теңіздің кез келген бір бөлігіне немесе Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарына қандай болса да талаптар қоюға құқықтық негіз жасамайды.

10. Теңіз ғылыми зерттеулері жеке жобалар бойынша жүргізіледі.

II. Теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізуге р ұ қ с а т а л у т ә р т і б і

11. Теңіз ғылыми зерттеулері тек қана, Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының белгіленген теңізінде немесе ішкі су айдынында мұнай операцияларын жүргізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдағаннан кейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсат етуімен жүргізіледі.

12. Мұнай операциялары жобаларына кірмейтін теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізуге мүдделі өтініш берушілер тиісті Құзыретті органға теңіз ғылыми зерттеулері

басталмай тұрып, жоспарланған уақыттан 180 күн бұрын тапсырыс береді.

13. Теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу құқына ие болуға ұсынылатын тапсырыстар: отандық өтініш берушілерден - қазақ және орыс тілдерінде, ал шет елдік өтініш берушілерден - ағылшын және орыс (қазақ) тілдерінде қабылданады және мыналарды қ а м т у ғ а т и і с :

теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізетін мекеменің атауын және теңіз ғылыми зерттелуін жүргізуге жауапты тұлға туралы ақпаратты;

өтініш берушінің кейінгі бес жыл ішінде, ол жұмыс істеген мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, бұдан бұрынғы қызметі туралы ақпаратты;

теңіз ғылыми зерттеулерінің (жұмыс бағдарламасы) сипаттары және мақсаттары т у р а л ы а қ п а р а т т ы ;

жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыруға арналған шығындар туралы ақпаратты;

теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу кезінде, кемеңің атауын, тоннажын, типін, сыныбын, ғылыми жабдықтарының сипаттамасын, орындаушыларының біліктілік деңгейі жөніндегі мәліметтер мен қаржыландыру көздерін (өзінің немесе заемдық қаражат) көрсете отырып, қаржылық мүмкіндіктерін растауын қоса алғанда, қолданылатын әдістер мен құралдар туралы ақпаратты;

теңіз ғылыми зерттеулерді жүргізуі жоспарланып отырған аудандардың географиялық координаттарын, аталған аудандарға баратын және одан қайтатын м а р ш р у т т а р д ы ;

зерттеу жүргізетін кемелердің алғашқы келетін және түпкілікті кететін шамаланған уақытын, ғылыми жабдықтарды орналастыру және алып кету мерзімдерін;

теңіз ғылыми зерттеулерінің адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған теңіздік ортаға тигізетін теріс әсерін шектеу және болдырмау жөнінде жоспарланған шаралар туралы ақпаратты. Осы ақпаратпен қатар белгіленген зерттеулердің теңіздік ортаға, минералдық және жанды ресурстарға тиюі ықтимал әсерін бағалау жөніндегі өтініш берушінің есептері берілуге тиіс.

14. Қазақстан Республикасының Үкіметі тапсырыс алғаннан бастап 90 күннен кешіктірілмей, Құзыретті органмен тапсырысты Экология және биоресурстар министрлігімен, Су ресурстары жөніндегі комитетпен және Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитетпен, Қазақстан Республикасының шекара және кеден қызметтерімен келіскеннен кейін өтініш берушіге зерттеулер жүргізуге рұқсат береді немесе дәлелді бас тарту білдіреді.

15. Теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізуге рұқсат алғаннан кейін мердігер Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен, Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитетімен және Су ресурстары жөніндегі комитетімен келісілетін және Құзыретті органмен бекітілетін қоршаған ортаға әсерін бағалауды (ҚОӘБ/ОВОС) қоса алғанда, жұмыстардың жобасын ж а с а й д ы .

Жер қойнауын пайдалануға байланысты ғылыми зерттеу жобалары Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінде тіркеледі.

16. Өтініш берушіге теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізуге мынадай жағдайларда рұқсат берілмейді, егер бұл жұмыстар:

республиканың қауіпсіздігіне қатер туғызса немесе туғызатын болса;
қоршаған теңіздік ортаны қорғау, табиғи ресурстарды сақтау, сондай-ақ теңіздердің су ресурстарын кешенді түрде пайдалану талаптарымен сыйыспайтын болса;
тапсырыста көрсетілмеген жабдықтар, қондырғылар немесе іс-әрекеттерді қосса;
теңіз акваториясының қазақстандық бөлігінде Қазақстан Республикасының өзінің егемендік және ерекше құқықтарын жүзеге асырудағы жүргізілетін қызметіне кедергілер келтіретін болса;

жүргізілуіне Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған болса.

17. Тиісті Құзыретті орган рұқсат беруден бас тартқан жағдайда, соңғысына бұрын алған ескертпелерді жоя отырып, Құзыретті органға ауызша немесе жазбаша түрде қайтадан тапсырыс беруіне мүмкіндік берумен, өзінің бас тарту себептері туралы өтініш берушіге жазбаша түрде хабарлайды. Тапсырысты екінші рет қарағаннан кейін Құзыретті орган өтініш берушіге өзінің түпкілікті шешімі туралы 10 күндік мерзімнен кешіктірмей хабарлайды.

18. Зерттеулер үдерісінде мердігер тиісті Құзыретті органға зерттеу бағдарламасында болып жатқан елеулі өзгерістер туралы хабарлап отыруға міндетті. Соңғысы мердігерге өзгерістер туралы жазбаша хабарландыру алғаннан бастап 30 күн ішінде өз шешімі туралы хабарлайды. Егер Құзыретті орган осы мерзім ішінде мердігерге өзінің қарсылығы туралы жазбаша жауап бермесе, өзгертулер келісілді деп есептеледі.